«Республикалық
Медицина
Академиясы» ЖШС

ТОО «Республиканская
Медицинская
Академия»

Педагогикалық кеңес отырысында
мақұлданды және бекітілді.
Хаттама № 1
"_29__" _____08_____2025 жыл

Бекітемін
«РМА» ЖШС директоры
_____ С.Смакова
"__01__" _____09_____2025жыл

Жас педагог мектебі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Жас педагог мектебі туралы» Ереже (бұдан әрі – Ереже) «РМА» ЖШС-ндегі жас педагог мектебінің қызметін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, жұмыс тәртібін және негізгі бағыттарын айқындайды.

1.2. Жас педагог мектебі – педагогикалық қызметін жаңа бастаған немесе еңбек өтілі 3 жылға дейінгі педагог қызметкерлердің кәсіби бейімделуін, педагогикалық шеберлігін жетілдіруді және әдістемелік қолдауды қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін әдістемелік құрылым.

1.3. Жас педагог мектебі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, «РМА» ЖШС Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Жас педагог мектебінің жұмысы «РМА» ЖШС-нің әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.5. Жас педагог мектебінің қызметін әдіскер, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары немесе бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлға үйлестіреді.

1.6. Жас педагог мектебі Педагогикалық кеңес шешімімен құрылып, жойылады.

2. Жас педагог мектебінің мақсаты мен міндеттері

2.1. Жас педагог мектебінің негізгі мақсаты – жас педагогтердің кәсіби қалыптасуына жағдай жасау, олардың педагогикалық шеберлігін дамыту және білім беру процесінің сапасын арттыру.

2.2. Негізгі міндеттері:

- жас педагогтердің колледждің білім беру жүйесіне бейімделуіне көмектесу;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсету;
- заманауи педагогикалық технологияларды меңгерту;
- сабақ жоспарлау, оқу құжаттарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру;
- педагогикалық тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- тәлімгерлік жүйесін дамыту;
- жас педагогтердің кәсіби қиындықтарын анықтау және оларды шешуге ықпал ету;

- шығармашылық белсенділікті және педагогикалық бастамаларды қолдау;
- кәсіби құзыреттілікті арттыруға жағдай жасау.

3. Жас педагог мектебінің негізгі бағыттары

3.1. Жас педагог мектебінің негізгі жұмыс бағыттары:

- нормативтік құжаттармен таныстыру;
- оқу-әдістемелік құжаттаманы жүргізу бойынша кеңес беру;
- ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысуды ұйымдастыру;
- семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізу;
- педагогикалық шеберлік бойынша практикалық сабақтар ұйымдастыру;
- тәлімгерлердің жұмысын үйлестіру;
- психологиялық қолдау көрсету;
- кәсіби қиындықтарды диагностикалау;
- педагогтердің жетістіктерін талдау және мониторинг жүргізу;
- аттестаттауға дайындық бойынша қолдау көрсету.

4. Жас педагог мектебінің жұмысын ұйымдастыру

4.1. Жас педагог мектебінің жұмысы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітілетін жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылады.

4.2. Жылдық жұмыс жоспары «РМА» ЖШС әдістемелік кеңесінде қаралып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі.

4.3. Жас педагог мектебінің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.

4.4. Қажет болған жағдайда жоспардан тыс отырыстар, жеке кеңестер және әдістемелік консультациялар ұйымдастырылады.

4.5. Әрбір жас педагогке «РМА» ЖШС директорының бұйрығы негізінде тәжірибелі педагогтер қатарынан тәлімгер бекітіледі. Тәлімгер тәжірибелі оқытушылар қатарынан алынады.

4.6. Жас педагог мектебінің жұмысы бойынша хаттамалар, талдамалық анықтамалар және есептер жүргізіледі.

5. Жас педагог мектебінің құжаттамасы

5.1. Ереже;
5.2. Жылдық жұмыс жоспары;
5.3. Тәлімгердің жылдық жоспары;
5.4. Тәлімгердің жылдық есебі;
5.5. Отырыстар хаттамалары;
5.6. Жас педагогтың жылдық есебі;
5.7. Оқу жылы бойынша жұмысқа талдау.

6. Жас педагогтердің құқықтары мен міндеттері

6.1. Жас педагогтердің құқықтары:

- әдістемелік көмек алуға;
- тәжірибелі педагогтердің сабақтарына қатысуға;
- кеңестер мен ұсыныстар алуға;
- кәсіби біліктілігін арттыруға;
- шығармашылық бастамаларын ұсынуға;
- педагогикалық мәселелер бойынша қолдау сұрауға.

6.2. Жас педагогтердің міндеттері:

- жас педагог мектебінің жұмысына белсенді қатысуға;
- оқу және әдістемелік құжаттарды талапқа сай жүргізуге;
- тәлімгердің ұсыныстарын орындауға;
- кәсіби дамуға ұмтылуға;
- ашық сабақтар мен іс-шараларға қатысуға;
- колледждің ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға.

7. Тәлімгердің құқықтары мен міндеттері

7.1. Тәлімгердің құқықтары:

- жас педагогтің кәсіби қызметіне ұсыныстар беруге;
- сабақтарға қатысуға және талдау жасауға;
- әдістемелік көмек көрсетуге;
- кәсіби даму бойынша бағыт беруге.

7.2. Тәлімгердің міндеттері:

- жас педагогке жүйелі әдістемелік көмек көрсетуге;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша бағыт-бағдар беруге;
- сабақтарды жоспарлау және өткізу бойынша тәжірибе бөлісуге;
- жас педагогтің кәсіби өсуіне ықпал етуге;
- жұмыс нәтижелері бойынша ақпарат ұсынуға.

8. Жас педагог мектебінің жұмыс нәтижелері

8.1. Жас педагог мектебінің жұмысы нәтижесінде:

- жас педагогтердің кәсіби бейімделуі қамтамасыз етіледі;
- педагогикалық қызмет сапасы артады;
- оқу-әдістемелік құжаттаманы жүргізу сапасы жақсарады;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі дамиды;
- тәлімгерлік жүйесі жетілдіріледі;
- педагогикалық шығармашылық пен белсенділік қалыптасады.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Ереже «РМА» ЖШС директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

9.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «РМА» ЖШС басшысының бұйрығымен енгізіледі.

9.3. Осы Ереженің орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және әдіскеріне жүктеледі.

Қосымша-1

Бекітемін
директордың ОІ бойынша орынбасары
_____
«____»_____ 20 ж.

«_____» ЦӘК отырысында қаралды
Хаттама № _ «___ » қыркүйек 202__ ж.
ЦӘК төрайымы _____

Жоспардың мақсаты:

Жас маман туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
Білімі	
Қандай оқу орнын қашан бітірді	
Педагогикалық өтілі	
Біліктілік санаты	
Лауазымы	
Жас педагогтің жұмыс істейтін топтар	

Тәлімгерлікті іске асыратын педагог туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты	
Білімі	
Қандай оқу орнын қашан бітірді	
Дипломы бойынша мамандығы	
Педагогикалық өтілі	
Лауазымы	
Тәлімгер жұмыс істейтін топ	
Біліктілік санаты	
Жұмыс мақсаты	
Міндеттері	
Жұмыстың негізгі бағыттары	
Қорытынды	

Тәлімгерлікті іске асыратын педагог қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және оның мазмұны бойынша іс-шаралар
20__-20___ оқу жылы.

№	Қызмет мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
	I. Ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-әрекет		
1			
2			
II. Оқу-әдістемелік қызметі			
1			
2			

Тәлімгер_____

Жас маманмен жүргізілген жұмысы туралы тәлімгердің
АНЫҚТАМА-ЕСЕБІ
20___ – 20___ оқу жылы.

Жұмыс орнының атауы:
Тәлімгер:
Жас маман:
Атқаратын қызметі:

Категория:

Атқарылған жұмыстар:

I.Сабаққа қатысу:

II.Көрсетілетін көмектің негізгі түрлері:

III.Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

IV.Жас маманмен жұмыста кездесетін кемшіліктер

V. Жаңа оқу жылына жұмысты болжау

Ұсынымдар (рекомендациялар)

Қорытынды:

Тәлімгер: _____ /қолы/
Жас маман: _____ /қолы/
Мерзімі: «__» _____ **20**_ ж